

## ҚАЗҰУ-ҒА АҚШ ТА ҮЛКЕН ЫҚЫЛАС ТАНЫТЫП ОТЫР



ҚазҰУ-дың Ректорат мәжілісі ұлттық университеттегі оқытушы-профессорлар құрамының «не істеу керек, не атқардық?» деп апта сайын есеп берер және жаңа мақсаттар мен міндеттер жүктелер алаңы. 21 қарашадағы мәжілісте әдеттегідей, үздіктерге алғыс хаттар тапсырылып, жасампаз жобалар тыңдалды.

Жақында ҚР Білім және ғылым министрлігі Thomson Reuters және Springer компанияларымен Ұлттық лицензияға қол қойғаны белгілі. Бұл құжат арқылы Қазақстан ғалымдары, докторанттары мен магистранттары, соның ішінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ТМД-да бірінші болып толыққанды әлемдік электронды ғылыми ресурстарды еркін пайдалану

мүмкіндігіне ие болды. Бұл әлемдік ғылыми базаға ашылған жол жаһандық ғылым-білім кеңістігінде Қазақстан зерттеулерінің танымалдылығын арттыратын бірден-бір басымдық. Ректорат отырысында күні кеше ғана қол қойылған жаңа құжат негізінде ҚазҰУ-дың атына берілген Thomson Reuters және Springer компанияларының сертификаттары табыс етілді. Бұдан кейін ректо-

ратта білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімшарттарға қол қойылды. Үшжақты келісімдерге сәйкес, енді ҚазҰУ құрылымдарымен Қазақстан Республикасы салық кеңесшілерінің палатасы, Халықаралық Еуразиялық академиясы ТВ, радио және баспа қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты, Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінің журналистика факультеті бірлесе жұмыс істейтін болады.

(Жалғасы 3-бетте)

Сегодня многотысячный коллектив КазНУ им. аль-Фараби работает над решением важной государственной задачи, поставленной Президентом страны по созданию исследовательских университетов мирового уровня. Столь важный замысел, конечно же, предполагает коренную модернизацию всех направлений университетской деятельности. В новый учебный год КазНУ вступил с новой моделью, которая определяет его будущее.

### Успех науки – дело времени и смелости ума

Преобразования коснулись всей деятельности университета. Изменилась его структура, факультеты сформированы на кластерной основе, укрупнены кафедры, они наделены большими полномочиями и, конечно же, ответственностью, укрепляется материальная и научно-лабораторная база исследовательских подразделений.

Создание крупных и конкурентоспособных кафедр должно стать движущей силой и основной научно-образовательной структурной единицей исследовательского вуза. Работа кафедр подходит под лозунг «единство в многообразии» и включает в себя более глубокий смысл. Это важная часть масштабных и системных преобразований призванных поднять на качественно новый, мировой уровень деятельность всего университета.

На филологическом факультете, как и во всем университете, произошли коренные изменения. Сегодня он называется «Факультет филологии, литературоведения и мировых языков». Под руководством опытного и грамотного декана, профессора Кансеита Абдезулы, объединение кафедр прошло безболезненно и на разумной основе.

(Продолжение на 3 стр.)

#### ИНФОРМАЦИЯ

### КИНОФЕСТИВАЛЬ НА ФАКУЛЬТЕТЕ

«Вклад молодежи в интеллектуальную копилку Казахстана» под таким названием прошел конкурс учебных, научно-популярных и творческих фильмов, созданных студентами и магистрантами факультета философии и политологии. Мероприятие было организовано кафедрой общей и этнической педагогики и действующим при ней Студенческим научным обществом «Логос».

На факультете стало хорошей традицией отмечать Всемирный День науки. В прошлом году был проведен конкурс на лучшую студенческую научную работу. В этом году конкурс был посвящен 20-летию Независимости Казахстана, который встречает вся страна.

(Продолжение на 4 стр.)

## Таланттар топ жарған күн

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 17 қарашада Студенттер сарайында Халықаралық студенттер күніне және Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Бірінші курс таланттары» көркемөнерпаздар байқауының гала-концерті өтті. Байқауды университеттің Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменті мен Студенттер клубы ұйымдастырды.

Бұл байқау жігер оты жалындап жанған студент жастардың жас дәуренін текке өткізбей, теріс жаман әдеттерден аулақ болуды көздейді. Енді ғана студенттік өмірге қадам басқан жастарды «жаксыдан үйреніп, жаманнан жиренуге» бастайды. Көркемөнерпаздар байқауы студенттердің заман ағымына ілескен зымыраған күндеріндегі бос уақыттарын әсерлі ән, көк нөсер күй, күмбірлеген домбыра, мың бұралған би әлемімен қауыштыру мақсатында былтырдан бастап ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлының бастамасымен және қолдауымен өткізіліп келеді.

(Жалғасы 4-бетте)



## Мұстафа Шоқай – түркі әлемінің алыбы

ШАРА

ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменттің ұйымдастыруымен факультеттердегі клубтар мен үйірмелерде «Қазақ халқының біртуар тұлғаларына» арналған шаралар өткізілуде. Осыған орай, жақында халықаралық қатынастар факультетінің «Тура Би» ғылыми шешендік өнер клубы «Мұстафа Шоқай – түркі әлемінің алыбы» атты зияткерлік сұхбат өткізді.

Бұл жиынды ұйымдастыруға қатысқан және атсалысқан кафедра меңгерушісі А.Ш.Байтоқаева және оқытушылар: С.Бөрібаева, М.Омарова, Г.Смағұлова, Б.Құлжанова, «Тура Би» шешендік өнер клубының жетекшісі Б.Ақбұзауова, х/құқық –12, 18 орыс топтары, аймақтану, х/қ –11 топтарының студенттері және клуб мүшелері.

Зияткерлік сұхбатта студенттер А.Байжігітова, А.Ержанова, А.Жөкенова Мұстафа Шоқайдың өмірбаяны, саяси қызметке араласуы, Думадағы мұсылман фракциясындағы хатшылық қызметі жайлы айтып өтсе, С.Өміржанова Мұстафаның інісі жазған хатын оқып, А.Зияданова Мұстафаның эмиграциядағы қызметі жайлы жан-жақты қызығлықты ақпарат ортаға сал-

ды. Азат Түркістан мемлекетін құруды мұрат еткен Мұстафа Шоқай сынды алаш ардагері туралы айтылған ойларды 2-курс студенті Дәулет Мелдеханов өзінше қорытындылады.

Мәжіліс «Мұстафа Шоқай» атты фильмді көрумен қатар жүріп отырды. «Түркінің ұлы алыбы Мұстафа Шоқайға 125 жыл» деп жазылған портреттік биллборд, қабырға газеті бұл жиынның мәртебесін арттыра түсті.

Жиын соңында доцент М.Омарова, кафедра меңгерушісінің орынбасары С. Бөрібаева, ректораттың тәрбие бөлімінің қызметкері Ш.Е. Канафьева Мұстафа Шоқай жайлы ойларын ортаға салды.

Жиын өзінің алдына қойған мақсаты – түркі әлемін біріктіруді мақсат еткен, сол жолда саналы өмірін сарп еткен,



тағдыры жұмбақ, халқымыздың бірегей ұлы Мұстафа Шоқайды жастарға танытуда жасалған маңызды бір қадам деп бағаласақ артық болмас.

«Тура Би» шешендік өнер клубы

СОБЫТИЕ

## На ФМО обсуждены вопросы безопасности в Центральной Азии

16 ноября в КазНУ состоялась региональная научно-практическая конференция «Влияние 11 сентября 2001 г. на международную политику безопасности и на безопасность Центральной Азии». Мероприятие проводилось по инициативе факультета международных отношений и Центра германских исследований, при поддержке Фонда им. Фридриха Эберта, а также личного содействия Координатора Фонда по ЦА и его шеф-руководителя Вольфа Лапинса.

Проблема трансформации структуры региональной безопасности в ЦА под влиянием событий 11 сентября 2001 г. стала предметом обсуждения ученых и экспертов из разных стран. В своих выступлениях представители Германии - К.Зуханек, В.Шрайбер, Й.Накмайер и А.Юсупов (Гейдельберг), показали европейский взгляд на сложность решения проблем региональных кризисов. Эксперты из стран ЦА - Ф.Толипов (Узбекистан), З.Мадамиджанова, Р.Хайдаров (Таджикистан), М.Суюмбаев (Кыргызстан), обозначили своеобразные и во многом отличные друг от друга позиции по вопросам безопасности, которые отражали национальные интересы этих государств.

О деятельности Казахстана в сфере безопасности, в том числе и Центрально-Азиатском регионе, рассказали казахстанские эксперты - Р.Казиева, А.Каукунов, ученые КазНУ - М.Лаумулин, М.Губайдуллина, Г.Мовкебаева, К.Кожаметов, Р.Садыкова.

На конференции были выработаны рекомендации для сближения позиций Европы и стран ЦА в сфере безопасности и стабильности, намечены направления дальнейшего сотрудничества ученых. В дискуссии с большим интересом активно участвовали докторанты и магистранты факультета международных отношений.

Соб.кorr.

КЕЗДЕСУ

## ҚазҰУ Исраил Сапарбайға «Махаббат шайыры» атағын берді

17 қарашада әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде «Әдеби жүздесулер» клубының ұйымдастыруымен поэзия тарланы, қазақтың көрнекті ақыны Исраил Сапарбаймен кездесу өтті. «Махаббат – мәңгі ертегі» атты жыр кешін қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі филология ғылымдарының докторы, профессор Өмірхан Әбдиманұлы ақынның 70 жылдық мерейтойына арналған жылы лебізбен ашып, иығына шапан жапты. ҚазҰУ басшылығы атынан Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту департаментінің директоры Гүлнар Әлібекқызы естелік сыйлықтарын табыс етті. Одан кейін поэзия тарланы кездесуге келген жыр сүйер қауымға өлең оқып, ризашылығын білдірді.

Поэзия тарланымен кездесуге филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің, журналистика факультетінің, сондай-ақ Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық Өнер академиясының оқытушылары мен студенттері және арнайы құттықтау үшін ҚР Парламенті Мәжілісі аппаратының Баспасөз қызметінің бас маманы Сәуле Досжанова арнайы келді. Ақынмен кездесу барысында өнерге таласы бар әрбір жас өз шығармашылығынан жыр оқып, жас таланттар жас тұлпар өлеңдерінің тұсауын кесті. Арнайы жыр мұшайрасы ұйымдастырылып, бірінен бірі оза шапқан студент жастар драматург, тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйлығының иегері, халықаралық және республикалық жыр мұшайраларының жеңімпазы, ақын-сәзгерге өз шығармашылығын танытып, баға алуға асықты. Оқылған өлең де, сытылып алға шыққан жас та қалың болды. Оқылған жырдан ләззат алған ақын ризашылығын жасырып қала алмады. «Қара шаңырақты аттап кіргеннен алақанға салып аялап отырсыздар. Өте қуаныштымын. Жалпы мен өзімді аға буын ақындардан қалған аманат-

тай сезінемін. Бұл жыл әдебиет үшін орны толмас ауыр жыл болды. Кеше ғана өмірден Тұмағаң, Қадыр аға кетті. Ойланyp отырсақ, жетпіске жеткен біздердің алдымызда аға өкіл азайды. Сол үшін біз 70 жасты мойындауымыз керек. Жауапты аманатты сезіну деген осы деп білемін. Пайғамбарымыз да бір сөзінде: «Менен кейін пайғамбар келмейді, ақындар келеді», - деген ғой. Міне, соның айғағы бүгінгі кеш болып отыр. Мен өте байып отырмын, яғни әдебиетке, жырға, поэзияға, өлеңге құмар жастарды, бойжеткендер мен бозбалаларды көріп марқайып отырмын», - деп кездесу аясында ұйымдастырылған мұшайраны қорытындылады. Ақын жас ақындарды бөліп-жара қарауға болмайтынын, бәрі бірдей «сен түр, мен атайын» деп тұрған талантты жастар екендігін тілге тиек етті. Өз шығармашылығынан өлең оқыған студенттерге марапат дипломын табыс етіп, авторлық кітабын сыйға ұсынды. Ақындар легінің молайып келе жатқандығына көңіл бөліп, алда қазақтың қара өлеңі мектебін дамытып, құру керектігін жеткізді. Мұндай орталық құрылып жатса, поэзияның жас өкілдеріне қызмет етуге



дайын екендігін жасырмады. Сондай-ақ Исраил Сапарбай поэзия – бір нәзік сырлы сезім екендігін айтып өзінің көкейінде жүрген мына бір мәселемен бөлісті: «Поэзия адам жанын жұмсартады, нәзіктік, мейірім шуағын құяды. Осы кезекте мен өкінетін бір тұс бар, ол поэзиямен емдеу сеансын дамыту керек еді деп ойлаймын. Себебі өлеңде, жырда адам жанын қаталдықтан, қаттылықтан емдейтін күш бар. Өлең адамның жүрегін жұмсартады. Осы бағытта поэзиямен емдеу сеансын дүниеге әкелу керек еді», - дейді.

Бұл сөздің жаны бар екендігін осы кештің көрермендерінің жүзі дәлелдеп тұрғандай. Кеш әсерінен келген қауымның жүздері бал-бұл жанып, көздері күлім қағады. Қоғамның қауырт жұмыстарынан бір сәт болса да сергіп, жүрегіне нәзіктік сәулесін септі. Осы орайда профессор Өмірхан Әбдиманұлы: «Бүгін

ҚЫСҚА-НҰСҚА

14 қарашада Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту жөніндегі департаменті мен «Сұңқар» кәсіподағы «ҚазҰУ» кубогына арналған КТК лигасын өткізді. Нәтижесінде «ҚазҰУ» кубогына арналған сайысқа қатысқан командалар ішінен «Скиф» (тарих, этнология және археология факультеті), «Сенсація» (журналистика) және «Химия құрамасы» белсенді қатысқандары үшін дипломмен және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды. Үшінші орынды «Достар» командасы алып, олар Медеу мұз айдынына жолдама, екінші орынды механика-математика факультетінің «Intel» құрамасы иемденіп, Ыстықкөлге жолдама ұтып алды. Ал «ҚазҰУ» кубогы мен «Сұңқар» кәсіподағы тағайындаған арнайы қаржылай сыйлық елу мың теңгені биология факультетінің «Достар» және халықаралық қатынастар факультетінің «Третий лишний» құрамасы жеңіп алды.

17 қарашада философия және саясаттану факультетінде философия кафедрасының ұйымдастыруымен «Қазақстандық философия: дамудың 20 жылы» атты ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына және Бүкіләлемдік философия күніне (ЮНЕСКО) арналған дөңгелек үстел мәжілісі өтті. Дөңгелек үстелде АҚШ-тың Огайо университетінің докторы Джеймс Петрик Америка мәдениетіндегі философия туралы айтып, ҚазҰУ-дың және еліміздің өзге де ЖОО ғалымдары көптеген тақырыптарда баяндама жасады. Сонымен қатар онда белгілі қазақ ғалымдары А.Қасымжанов пен А.Келбұғанбетовтің баға жетпес еңбектері мен олардың әлемдік философия ғылымындағы орындары туралы сөз болды.

18 қарашада филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті мемлекеттік тіл кафедрасында республикалық ғылыми-әдістемелік «Мемлекеттік тілдің құзыреттілігі: инновация және модульдік оқыту» атты конференциясы өтті. Конференцияға Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының оқытушы-ғалымдары, факультеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен Гази университетінің (Түркия) профессоры Иылдыз Нәсилие арнайы қатысты.

Жақында механика-математика факультет механика кафедрасы «Үмітінді үзбе» атты қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Акция аясында кафедра студенттері арнайы концерттік бағдарламамен Алматы облысы Қаскелең қаласындағы қосалқы мектеп-интернатының тәрбиеленушілеріне барып қайтты. Қайырымдылық шарасына университеттің «Парасат» кәсіподақ комитеті мен «Сұңқар» студенттер кәсіподағы әлеуметтік қолдау танытып, математика-механика ғылыми-зерттеу институты компьютер табыс етті. Ал механика кафедрасының 4-курс студенттері балалар үйінің тәрбиеленушілеріне «Аңыз ада» журналының бір жылдық басылымын тарту етіп, кафедра ұжымы киім-кешек, тәтті-дәмділер, кітаптар, кеңсе заттары мен ақшалай жәрдем көрсетті.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА



(Басы 1-бетте)

Биыл бірінші курс студенттері арасында дәстүрге айналған «Бірінші курс таланттары» көркемөнерпаздар байқауының бірінші кезеңі 1300-ден аса студенттің қатысуымен факультеттер деңгейінде өткізіліп, екінші кезеңге 300-ге жуық қатысушы жолдама алды. Осы өнерпаздардың ішінен жүзден жүйрік мыннан тұлпар танылған жеңімпаз студенттер әр жанрда өз өнерлерін көрермен қауымға паш етті.

Кеш ҚазҰУ-дың Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Жаманбалаева Шолпан Ерболқызының құттықтау сөзімен



## Таланттар топ жарған күн

және жеңімпаздарды марапаттау рәсімімен ашылды. Халықаралық студенттер гимні «Гаудеамус» орындалып, ары қарай жеңімпаз атанған жас таланттардың концерттік бағдарламасы өз жалғасын тапты. Солардың ішінде ерекше көзге түскен студенттер аз болмады. Мәселен, «Эстрадалық ән» номинациясының жеңімпаздары Са-

мал Жанатқызының орындауындағы Латиф Хамидидің «Бұлбұл», Айғанайым Молдабекованың орындауындағы халық әні «Құрбым-ай», Дәулет Алтынбековтің орындауындағы Үкілі Ыбырайдың «Гәккүй», Екатерина Чумаченконың орындауындағы Нұрғиса Тілендиевтің «Сарыжайлау» әндері өте жоғары шеберлікпен орындал-

ды. Сонымен қатар 13 факультетпен бірге барлық байқауларға қатысып жүрген колледж студенттерінің бұл байқауға да ынталықтары ерекше болғанын атап өту керек. Олар «Халықтық би» номинациясында «Лезгинка» биімен алға шықты.

Биылғы байқаудың тағы бір ерекшелігі студенттердің авторлық шығармашылығының көп болуы. «Жас ақын», «Көркем сөз оқу» номинацияларында университет бойынша 100-ден аса студент қатысып белсенділік танытты. Әсіресе тарих, археология және этнология факультетінің студенті Ыскак Оралбектің «Мен қазақпын!» өлеңі жалынды жастарға жігер берді. Сондай-ақ, көрермендердің көңілінен шыққан химия және химиялық технология факультетінің студенті Бекжан Белғозиевтің орындауындағы авторлық «Испан әуені» мелодиясы зор қошеметке ие болды.

«Бірінші курс таланттары» байқауы үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, жоғары курс пен 1 курстар арасындағы байланысты берік орнататын көпір секілді. Бұл беріктік өз кезегінде көпшілік көңілінен шыққан өнер туындыларына алып келді. Байқау соңында барлық жеңімпаздар Қайрат Жүнісовтың «Егемен елім» әнін бірге орындады.

Қорыта айтқанда, «Эстрадалық ән», «Дәстүрлі ән», «Халықтық би», «Заманауи би», «Классикалық би», «Музыкалық аспаптарда ойнау шеберлігі», «Көркем сөз оқу шеберлігі», «Жас ақын» т.б. номинациялар бойынша байқауға қатысқан студенттердің қай-қайсысы да ертеңгі елінің болашағы болуға әбден лайық жастар. Осындай талантты жастардың біліммен бірге өнерді ұштастыра білуі олардың алдағы армандарының асқақ, мақсаттарының биік екенін байқатады.

Әйгерім ӘЛІМЖАНОВА,  
Студенттер клубының жетекшісі



### «БІРІНШІ КУРС ТАЛАНТТАРЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

**Әншілер байқауы:**

- эстрадалық ән**
1. Жанатқызы Самал («Қазақ вальси») – экономика және бизнес жоғары мектебі;
  2. Алтынбеков Дәулет («Гәккүй») – география және табиғатты пайдалану факультеті;
  2. Молдабекова Айғанайым («Туған жерім») – экономика және бизнес жоғары мектебі;
  3. Рахат Бахытжан – физика-техникалық факультеті;
  3. Барат Бексултан мен Қарасай Нұрхан дуэті («Қайдасың») – журналистика факультеті

**- дәстүрлі ән**

1. Перизат Саменова – шығыстану факультеті;
2. Ақылбеков Азат – философия және саясаттану факультеті;
3. Тулегенова Меруерт – филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті.

**Бишілер байқауы:**

- халықтық би**
1. «Лезгинка» биі – колледж;
  2. Тойлыбаева Аида («Сақ биі») – журналистика факультеті;
  2. Айтқожа Ажар («Адай») қазақ биі) – халықаралық қатынастар факультеті;
  3. Жорабек Айгерім («Шашу» биі) – экономика және бизнес жоғары мектебі;
  3. Қуанышбек Ұлжан (Өзбек биі) – физика-техникалық факультеті.

**- заманауи/классикалық би**

1. Хакимжанова Жибек – химия және химиялық технология факультеті;
2. «Қыздар тобы» - биология және биотехникалық факультеті

**2. «Foar steps» тобы – география және табиғатты пайдалану факультеті;**

3. «Қыздар» тобы – экономика және бизнес жоғары мектебі;
3. Ахмедова Рамина – колледж

**Көркем сөз оқу байқауы:**

1. Бақтығалиев Данияр («Ей, Махамбет, жолдасым!») – химия және химиялық технология факультеті;
2. Ақанұлы Марғұлан («Автограф») – филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті;
3. Жиенкүл Ұлдана («Тәуелсіздік тұғыры») – колледж;
3. Сағынғалиев Дәурен – заң факультеті.

**Авторлық өлеңдер байқауы:**

1. Ыскак Оралбек («Мен қазақпын!») – тарих, археология және этнография факультеті;
2. Тағыбергенов Еркін («ҚазҰУ-ға арнау») – заң факультеті;
3. Ержан Нұржан («Жас қазақ») – колледж;
4. Сағидуллин Дархан («Тәуелсіздікке 20 жыл») – халықаралық қатынастар факультеті.

**Музыкалық аспаптарда ойнау шеберлігі (домбыра):**

1. Орашев Адилет – экономика және бизнес жоғары мектебі;
2. Орынбасар Абылайхан – заң факультеті;
2. Оразалы Шығыс – экономика және бизнес жоғары мектебі;
3. Қапар Мирас – химия және химиялық технология факультеті;
3. «Математиктер» ансамблі – механика және математика факультеті.

**Музыкалық аспаптарда ойнау шеберлігі (баян/гитара):**

1. Белғозиев Бекжан – химия және химиялық технология факультеті;
2. Нұрымбетов Марат – колледж

**Музыкалық аспаптарда ән айту шеберлігі:**

1. «Қыздар» тобы («baby») – шығыстану факультеті;
2. Оразгелдиев Айдар («Арыс жағасында») – география және табиғатты пайдалану факультеті;
3. Рок группа (В. Цойдың әні) – философия және саясаттану факультеті;
3. Ернарұлы Ершат («Корей әні») – биология және биотехникалық факультеті

**Музыкалық аспаптарда ойнау шеберлігі (фортепиано):**

1. Нұрсейітов Мәди – география және табиғатты пайдалану факультеті;
2. Насылбеков Санжар – колледж;
3. Оспанқұлов Айдос – химия және химиялық технология факультеті.

**Жүргізушілер байқауы:**

1. Өміртай Амалбек – халықаралық қатынастар факультеті;
1. Халикова Әсия – химия және химиялық технология факультеті;
2. Құмарбеков Азамат – география және табиғатты пайдалану факультеті;
2. Аманқұлова Алуа – география және табиғатты пайдалану факультеті;
3. Мұхамеджанов Азамат – тарих, археология және этнография факультеті;
3. Жылқыбай Айза – шығыстану факультеті.



ИНФОРМАЦИЯ

## Кинофестиваль на факультете

(Начало на 1 стр.)

Открывая мероприятие, заместитель декана по научно-инновационной деятельности международного сотрудничеству, профессор Зухра Исмагамбетова отметила: «Информационное общество как никогда нуждается в пропаганде идей по актуальным проблемам воспитания и обучения подрастающего поколения, в повышении их художественной и информационной культуры. Уверена, что конкурс будет интересным и откроет новые таланты».

После отборочного тура, который проходил в течение двух месяцев, лучшие работы были представлены зрительской аудитории. Фильмы оценивались по трем номинациям: учебные фильмы (социально-воспитательные ролики, обучающие слайд-фильмы), научно-популярные и творческие.

Особый интерес вызвали фильмы «Қарттарын сыйлап үйренсін қазақтың әрбір баласы», «Жизнь - это вопрос времени», «Любовь к детям», «Личность», «Страх» и др.

В промежутках между просмотром фильмов проводилась викторина на знания о значимых датах науки независимого Казахстана и достижениях страны за 20 лет. В завершение конкурса студенты кафедры выступили с концертными номерами, которые отличались оригинальностью и высоким уровнем исполнения.

Руководитель СНО «Логос» Гульмира Касен поздравила участников с праздником, отметив актуальность подобных мероприятий в повышении качества студенческих научных работ, развитии творчества, навыков работы с информационными и компьютерными технологиями.

Лучшими работами были признаны фильмы студентов второго курса по специальности «Социальная педагогика и самопознание» Султангазы Турсынай и Бегайым Амантай, магистранта Анастасии Вишневской, магистранта по специальности «Психология» Мадина Усимбековой. Они были награждены дипломами, книгами и сувенирами.

## Веб-рейтинг

21 ноября в КазНУ им. аль-Фараби при поддержке МОН РК начал работу двухдневный Международный семинар «Веб-рейтинг: глобальные стратегии для казахстанских университетов». В Казахстане подобный семинар проводится впервые.

По специальному приглашению на семинаре выступил автор проекта «Вебометрикс», руководитель исследовательской группы лаборатории «Киберметрикс» при Высшем совете научных исследований (CSIC, Испания) Международного рейтингового агентства Webometrics Ranking of World Universities г-н Исидро Агийо.

На открытии форума, первый проректор КазНУ Мухамбеткали Буркитбаев отметил, что он проводится в целях продвижения достижения казахстанской высшей школы в мировое научно-образовательное пространство и выхода на конкурентоспособный уровень.

В семинаре принимают участие представители вузов Астаны, Алматы, Уральска, Павлодара, Караганды и других регионов, преподаватели, студенты и сотрудники КазНУ.

Соб.к.к.рр.

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Еңлік АҚЖІГІТ  
Талғат АХМЕТҚАЗЫ  
Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

**Бағасы келісім бойынша.**

Таралымы – 1000 дана.  
Индексі 65989.  
Тапсырыс №10692

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.